



Saiga News

(Ақбөкен жаңалықтары)

2007 ж. жазы: 5-ші шығарылуы

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығарылады

Мазмұны

Негізгі мақала – 1 бет

Милнер-Гулланд Э.Дж. Ақбөкенді сақтау Одағы

Жаңалықтар – 2-4 бет

Халықаралық байланыстың мүмкіндіктері

Ақбөкенді зерттеу стипендиясын Қалмақия аспирантқасы ұтып алды

Ақбөкеннің жаңа төлдері Ганью Сю Вьюей жануарларды өсіру орталығында

Ақбөкеннің тіршілігі жөніндегі кітаптың беттерінен

Возрождения аралындағы ақбөкендер

Үстірттегі балалар ақбөкен суретін салуда

Приморье өлкесінде ақбөкен мүйізінің ірі партиясы конфисқеленді

Қалмақияда ақбөкенді аулаушы аңшылар сотталды

Қазақстаннан ақбөкен мүйіздерін алып кетуге әрекет жасаған Қытай азаматы елден қуылды

Тайвань полициясы жасырын базарда ақбөкен мүйізін конфисқиледі

Басылымдарға шолу – 4 бет

Сарангова Л. Ақбөкендер қайтып оралуда. Қалмақия Хабаршысы. 26 мамыр 2007 ж.

Мақалалар – 5-9 бет

Милнер-Гулланд Э.Дж. ИНТАС жобасы табысты аяқталу шегіне жетті

Грачев Ю.А., Бекенов А.Б. Үстірттегі ақбөкендердің көбеюі

Холодова М.В. Ақбөкеннің филогеографиясы (даму географиясы)

Хлуднев А.В. Астрахань облысындағы "Степной" қорықшасында ақбөкенді қорғау

Айверсон С. Ақбөкен еліне ұмытылмас сапар

Жобаларға шолу – 10 бет

Өзбекстанда жергілікті тұрғындарды ақбөкендерді сақтау жобаларына тарту

Ақбөкенді сақтау Одағы (SCA) ақбөкенді сақтап қалу жөніндегі өзартаушы меморандумын (MoB-ӨТМ) орындау барысы туралы – 10-11 бет

Қоныс аударатын түрлер конвенциясына (КАТК) ақбөкенді сақтау меморандумын (ӨТМ) орынтау барысы туралы есеп, қыркүйек 2006 ж. – маусым 2007 ж.

Жарияланған ғылыми жұмыстар – 11-12 бет

Ақбөкенді сақтау Одағы

Ақбөкенді сақтау Одағы (SCA) тез дамып келеді. Біз Президиум сайладық, Устав қабылдадық, вебсайтымыз бен банкіде есеп-шотымыз бар. Үлкен мәліметтер алу үшін біздің сайтқа келіңіздер: www.saiga-conservation.com.

Ақбөкенді сақтау идеясын қолдайтынымызды білдіру үшін және аңның таралу аймағын түгел қамту мақсатымен бірінші президиум құрамына Saiga News редакция алқасы мүшелерін енгізуді ұйғардық. 2007-жылдың қыркүйек айында Ташкент қаласында ақбөкенді сақтау Одағы президиумының мәжілісі өтеді. Онда Одақтың стратегиялық жоспары талқыланады және Одақтың ұлттық және аймақтық филиалдарын құру мүмкіндіктері де сөз болады. Қазірде біз Одаққа мүшелер тарту бағытында жұмыс істеп жатырмыз. Saiga News бюллетенін шығарушылар Сіздерді ұйымдастырушы мүше ретінде Одақтың құрамына еруге шақырамыз. Ол үшін электрондық почта немесе хат арқылы Одақтың хатшысы Елена Быковамен (esip@tkt.uz) хабарласуға болады. Одаққа мүше болу ниеттеріңді білу қажет-ақ. Ақбөкенді сақтау Одағына (АСО) мүшелік тегін, бір-ақ Одақтың күнделікті кейбір шығындарын жабу үшін көмек көрсетеміз деушілерге рахметімізді айтамыз.



Жаңа туған ақбөкен құралайы. Сурет Э.Дж.Милнер-Гулландтікі

АСО-ға мүше болу арқылы, Сіз оның идеясын қолдайтындығыңызды білдіресіз: Орталық Азия мен Каспий теңізі маңындағы далалық аймақтың негізгі түрі ретінде ақбөкенді қалпына келтіру мақсатында жұмыс істейміз. Оның жергілікті тұрғындар үшін мәдени және экономикалық маңызын көрсете отырып, дала экосистемасындағы ролін баса көрсетеміз. Біз ақбөкенді сақтау мақсатымен бірге жұмыс істейміз және тәжірибемізбен алмасамыз. Өзіміздің атқарып жатқан жұмыстарымыздың нәтижесі жөнінде пікірімізді бүкіл дүние жүзі халықтарымен, Үкіметтерімен және табиғат қорғау ұйымдарымен бөлісеміз.

Ақбөкенді сақтау Одағының мүшесі болып жеке адамдар немесе ұйымдар бола алады. Оларды Одаққа мүшелер ретінде тіркеп, АСО-ның ресурстық жүйелерін пайдалануды қалтамасыз етеміз. Мысалы, Одақтың мәліметтерін жіберіп тұрамыз. Біз Одақ мүшелерінің бізге қосылатына сенеміз және оларды ақбөкенді сақтау жөніндегі жобаларға қатысуға шақырамыз. Жобаларға, проектілерге қосылу АСО-ның эмблемасын пайдалануға, Одақтың вебсайтында өздерінің мәліметтерін беруге, «Saiga News» – нің "Проектілерге шолу" рубрикасында өз материалдарын жариялауға мүмкіндік береді.



АСО командасының мүшелері Үстіртте ақбөкен лағын тексеруде. Ж.Ф.Лагро суреті.



Астрахань балалар үйінде тәрбиеленушілер АСО значогын тағуда. Сурет Э.Дж.Милнер-Гулландтікі

Бізде жобаларға қосылған программасы жасалған кіші гранттарды қолдау үшін қаржылар табуға күшімізді саламыз. Ақбөкенді сақтау Одағы (АСО-ның) мүшелерінің ролі және міндеттері, сондай-ақ АСО-ның әкімшілік құрылымы туралы мәліметтерді АСО сайтынан табасыздар немесе Басқарманың кез-келген мүшелерінен ала аласыздар.

Ақбөкенді сақтау Одағы мүшелерінің қолдауы арқасында ғана табысқа жете алады. Ақбөкенді сақтаудың негізгі фундаментін қалауды бірге жүзеге асыру үшін Сіздерді бізге қосылады деп ойлаймыз және соған шақырамыз!

Э.Дж. Милнер-Гулланд – Басқарманың төрағасы, e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk

Редакция алқасы. Ұлыбритания: Э.Дж.Милнер-Гулланд, Лондон Империял колледжі (e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk); Қазақстан: А.Бекенов и Ю.Грачев, зоология институты (terio@nursat.kz); Қытай: А.Канг, и Ли Лишу, WCS Қытай (ygling@online.sh.cn) және jasmiyt.lis@hotmail.com); Моңғолия: Б. Лхагвасурен, Биология институты (ecolab@magicnet.mn) және Е.Онон, WWF-Моңғолия (mpo-species@wwf.mn); Ресей: Ю.Арылов, Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар орталығы (kalmisaigak@elista.ru) және А.Луцкина, экология және эволюция проблемалары Институты (rusmabcom@gmail.com); Түркменстан: Дж.Сапармуратов, шөл, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің ұлттық институты (saparmuradov@mail.ru); Өзбекстан: Е.Быкова және А.Есипов, зоология Институты (esipov@sarkor.uz).

Сіздерді көрсетілген алты тілдің бірінде жазылған материалдарыңызды жіберуге шақырамыз. Оларды мына адреске жіберіңіздер: esipov@sarkor.uz немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады.

Бұл басылымды мынадай online табуға болады: www.saiga-conservation.com; <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html>, www.iccs.org.uk/saiganews.htm және <http://www.wildlifewardens.net/wcs/mini/Saiga-Chinese.pdf>, сондай-ақ pdf-ден немесе оның көшірмесін ағылшын, қазақ, қытай, моңғол, өзбек және орыс тілдерінде өздерінің мәлімдемелері бойынша алуға болады.

Шығуына қаржыдай көмектескен



Қосымша қаржы:



Халықаралық және аймақтық жаңалықтар

Халықаралық байланыстың мүмкіндіктері

2006 жылдың аяғында «Қалмақ Республикасы, жабайы жануарлар Орталығының» директоры Юрий Арылов және Ресей Ғылым Академиясы экология және эволюция проблемалары институтының жетекші ғылыми қызметкері, ЮНЕСКО «Адам және биосфераның» Ресей бөлімшесінің жауапты хатшысы Анна Луцкекина Жабайы жануарларды сақтау орталығының консорциумы ұйымдастырған екіжәтілік сапармен АҚШ-қа барып қайтты.

Бұл сапар ақбөкенді сақтау процесіне қатысуға ынталы американдық мамандарының қолдауымен, сондай-ақ олардың Қалмақия «Жабайы жануарлар Орталығының» бұл жануарларды ұстау мен өсірудің жетіжылдық тәжірибесіне қызығушылығынан туған еді. Әсіресе, американдық мамандарды Орталықта жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеудің нәтижелері (ақбөкендерді қолда өсіру, қоректендіру технологиясы, жануарлардың физиологиялық күйін анықтау әдістері, ақбөкен ұрықтарын сақтау, табиғи жайылымдарды қалпына келтіру тәжірибелері) үлкен қызығушылық тудырды.

Бұл сапар Смитсоnian институтының Ұлттық хайуанаттар паркінің ғылыми зерттеу орталығында (штат Виржиния), жабайы жануарлар паркінде және «Сан-Диего» зоопаркінде (Калифорния штаты), «White Oak» Орталығында (Флорида штаты), «The Wilds» (штат Огайо) Орталықтарында жабайы жануарларды ұстау және оларды қоректендіру технологияларымен танысуға толық мүмкіндік берді. Ақбөкенді қолдан ұрықтандыру (искусственного осеменения) және одан әрі ақбөкен эмбриондарын трансплантация жасау жөніндегі зерттеу жұмыстарын бірлесіп жүргізу туралы келісімге қол жетті. Біздің елімізде бұл технология үй малдарына Генетика институтында (Санкт-Петербург қ.) және мал шаруашылық Институтында (Мәскеу қ.) жүргізілген еді. Сондай-ақ бұл жұмысқа Қалмақия мемлекеттік Университетінің оқытушылары мен студенттерін қатыстыруды да жоспарлап отырымыз. Тәжірибе тек жабайы жануарлар Орталығында ғана емес, сонымен бірге Қалмақ университеті аграрлық факультеттің кіші-фермасында да жүргізіледі. Американдық мамандар бізге ақбөкендерді сақтауға көмектесуге дайын және жабайы жануарлар Орталығына жоғары сапалы антигельминтиктер мен антибиотиктерді, сондай-ақ жануарларды жансыздантыратын құралдарды берді. Осы жылдың күзінде біздің республикаға американдық мамандар келмекші. Осы сапар барысында ақбөкенді сақтау және қоршаған ортаны қорғау мәселелері сөз болады; студенттер мен мектеп оқушыларымен кездесу өткізіледі, видеоматериалдар көрсетіледі. Орталық қызметкерлерімен жұмыс семинарын өткізуде жоспарланып отыр.

Иван Миньков, «Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар Орталығы»



Ю. Арылов және Смитсоnian институты ұлттық хайуанат паркінің ғылыми зерттеу орталығының қызметкерлері (сол жақта); «White Oak» орталығында керікті қоректендіру. Сурет А. Луцкекинаныкі



*Бес американдық табиғат қорғау ұйымдары «Жабайы жануарларды сақтау Орталығы» (ЖЖСО-CCSS) деп аталатын консорциумға бірікті. Сан-Диего зоопаркі, Эскондидо, Калифорния; Глен Роуздағы «Fossil Rim» Орталығы, Техас; «The Wilds» Орталығы, Камберленд, Огайо; «White Oak» Орталығы, Юли, Флорида және Смитсоnian ғылыми-зерттеу орталығы, Фронт Роял, Виржиния; олардың барлығының да жойылып кету қаупі бар түрлерді зерттеу, қолда өсіру, қалпына келтіру және басқару істері жөнінде үлкен тәжірибелері бар. Консорциум (ЖЖСО-CCSS) осы түрлерді сақтап қалудағы осы тәжірибелерді бірге пайдалану мақсатында ұйымдастырылды. Жабайы жануарларды сақтау Орталығы (ЖЖСО-CCSS) негізгі сақтап қалу керек ететін түрлерді анықтады. Сондай түрдің бірі – ақбөкен. Ұйымдасқан консорциум (CCSS) Қалмақиядағы жануарлар Орталығына және табиғи жағдайда ақбөкенді сақтау программаларына көмектеу мақсатымен экспертиза жүргізуге ынталы. Қазірде Орталықта, қызметкерлерін үйрету мақсатымен, семинар өткізу жоспары жасалуда және келешекте бірлесіп жүргізілетін жұмыстардың үлкен мүмкіндіктері қарастырылуда.

Дэн Битем, «The Wilds» Орталығы, Огайо, dibeetem@yahoo.com

Ақбөкенді зерттеу стипендиясын Қалмақия аспирантқасы ұтып алды



2007 ж. 6-ші сәуірінде жабайы табиғатты сақтаудың халықаралық жүйесі (WCN) 2007-жылдың «Sidney Byers Trust» стипендиясын Африканың, Азияның, Шығыс Еуропа және Оңтүстік Американың жас ғалымдарына беру туралы хабарлама жасады. Бұл ғалымдар жойылып кету қаупі бар жануарлардың түрлерімен жұмыс істеген. Стипендиаттардың кандидатурасын WCN-тың серіктес ұйымдары ұсынған. Ақбөкенді сақтау Одағы ұсынған Надежда Арылованың кандидатурасы 7 жеңімпаздың ішінде болып шықты. Надежда қалмақ еліндегі ақбөкендердің көбеюін зерттеумен айналысады. Осы тақырапта Ресей Ғылым Академиясы экология және эволюция проблемалары Институтында диссертация жұмысын дайындап жатыр. Біз Н.Арылованы осы тамаша наградасымен құттықтаймыз.

Толық мәлімет: <http://www.iccs.org.uk/papers/ScholarshipWinnersPressRelease2007.pdf>

Ақбөкеннің жаңа төлдері Ганьсю Вювей жануарларды өсіру Орталығында

Биылғы жылдың мамыр айында Ганьсю Вювей питомнигінде ақбөкен лақтарының жаңа ұрпақтары дүниеге келді – 4 ұрғашы және 7 еркек лақ. Жалпы Орталықта ақбөкен саны 580-ге жетті. Бұл соңғы 20 жыл ішіндегі ең үлкен көрсеткіш болып табылады. Бірақ аналық пен еркек ақбөкендердің арақатынасы бізді ойландырады. Ересек аңдардың 60% еркек, сондай-ақ жаңа туғандардың да 63%-і еркек лақтар. Бірінше рет мынадай жағдай байқалды: текелері ұрғашыларын жарақаттады тіпті өлтіріп тастаған кездері болды. Кейде текелерінің бір-бірімен айқасқа түскен кездері де байқалды. Соңғы жалдары еркектері мен ұрғашыларының ара қатынастарының жоғары болғанын атап өткен жөн. Орталық еркек ақбөкендерді бөлу үшін торқоршауды бірнеше бөлімге бөлуді жоспарлап отыр. Сол арқылы аналықтарының жарақат алдырмауын қамтамасыз еткісі келеді. Бірақ Орталық қызметкерлері жануарларға зиян келтірмей оларды бөлу тәжірибесі жоқ екенін айта келіп, бұл мәселе жөнінде біраз мәліметтер алғасы келеді. Қосымша мәліметтер алу үшін Айли Канмен хабарлауға болады: yqling@online.sh.cn.

Ақбөкеннің тіршілігі жөніндегі кітаптың беттерінен

«Біздің тірі мұрамыз - ақбөкенді сақтаймыз» және «Мен туралы бәрін білесің бе?» - кітапшаларын «Қалмақ Республкасы жабайы жануарлар Орталығы» шығарған. Бірінші көрсетілген кітапшада осы сирек кездесетін жануар туралы, оны қорғау проблемасы, ақбөкен популяциясына адам қызметінің әсері және Қалмақ Республкасында жабайы жануарларды сақтау мен оларды зерттеу жұмыстары сөз болады. Жусанды даламызда бірнеше ғасырлар бойы өмір сүрген жануардың тіршілігімен оқушы қауым қызыға танысады. Сонымы бірге SEPS жобасы бойынша DEFRA-ның қаржыландаруымен Қалмақияда «Сиырларды өсіру және олардың төлдерін ақбөкенді қорғау мақсатында айналымға түсіру» плакаты шығарылды. Толығырақ «Қалмақия хабарында», 21 наурыз 2007 жыл.

Үстірттегі балалар ақбөкен суретін салуда

2007 жылдың сәуір-мамыр айларында Қарақалпақстанның (Өзбекстан) алыс ауылдарында мектеп оқушылары арасында ақбөкенді сақтау тақырыбына арналған творчестволық жұмыстарға конкурс болып өтті. Конкурсты ақбөкенді сақтау Одағы өткізді. Қаражат жағын жабайы табиғатты сақтаудың халықаралық жүйесі (WCN) берді.

Конкурс Қарақалпақия мен Жаслық поселкаларында (Қоңырат ауданы) үш мектепте екі бағытта: сурет салу және ақбөкенді кесте тігу арқылы бейнелеу арқылы өткізілді. Балалар мен мұғалімдер жақсы материалдар дайындаумен көзге түсті. Олардың ішіндегі ең таңдаулы жұмыстар осы жылы қазан айында АҚШ-та Калифорния да жылма-жыл өтетін WCN-тың табиғатты қорғау туралы халықаралық көрмесінде көрсетілетін болады. Мұғалімдер мен оқушылардың сұраулары бойынша ақбөкенге арналған қызықты класс сағаттары өткізілді. Қосымша хабарды Е.Быкова мен А.Есиповтан аласыздар: esip@tkl.uz.



Қарақалпақия поселкасындағы № 26 мектепте ақбөкен жөніндегі үздік суреттерді таңдау конкурсының қортындысын шығаруда (сол жақта); №56 мектепте конкурс жеңімпаздарын марапаттау (оң жақта). Сурет Е.Быкова мен А.Есиповтікі

Возрождения аралындағы ақбөкендер

Осы жылдың мамыр айында Ресейдің «Лукойл» мұнай-газ компаниясы Өзбекстанның мемлекеттік табиғат қорғау комитетімен бірлесе отырып, бұрынғы арал (қазірде түбек) Возрожденияны (Арал теңізі) тексеру мақсатымен оған экспедиция ұйымдастырды. Совет уақытында бұл арал жабық зона болды, сондықтан да ондағы биологиялық әртүрлілік туралы мәліметтер аз еді. Тек ақбөкендер бар екендігі белгілі еді. Бүгінде онда ақбөкеннің бөлінген бір тобы табылды. Барлығы 50-дей ересек ақбөкендер санаққа алынды. Жастары кездескен жоқ. Сондай-ақ өлген ақбөкендердің сүйектері де көзге түсті. Қазірде бұл түбекке адамдар бармайды, соған сәйкес онда ақбөкендер сақталған және онда браконьерлік жоқ. Келешекте бұл аңның осы группировкасын зерттеу керек. Қосымша мәліметтер алу үшін А.Нуриджановпен хабарласу керек: nuridjanov@mail.ru, или esip@tkl.uz.

* 2007 жылдың көктемінде ОАО «Лукойл», инвесторлар консорциумы құрамында, Үстіртте геологиялық барлау (сейсмобақылау) жұмысын бастады.

Приморье өлкесінде ақбөкен мүйізінің ірі партиясы конфискеденді

2007 жылдың 18-ші қаңтарында Приморье өлкесінде жол полициясы жүк автокөлігін конфискелеген. Онда үш жолбарыс терісі, 283 аюдаң табандары (аяғы), 531 ақбөкен мүйізі және жолбарыстың сүйектері мен табандары салынған қапшықтар табылған. Жабайы табиғатты қорғау ұйымының WWF-тың пікірінше, бұл соңғы 10 жылда Ресейдің Қыыр Шығысында ұсталған жануарлар тектес товарлардың ең ірі партиясы. Қылмыскерлер ұсталған, қылмыстық іс қозғалған. Толық мәліметтер:

http://www.wwf.de/presse/details/news/grausiger_fund/89/cHash/c22385d79f/ және

<http://subscribe.ru/archive/home.pets.bcatsproject/200701/18171703.html>.

Қалмақияда ақбөкен аулаушы аңшылар сотталды

2007 жылдың наурыз айында Қалмақ Республикасының Яшкөл аудандық соты республиканың Юстин ауданының екі тұрғынына ақбөкенді заңсыз аулағаны үшін үкім шығарды. Мемлекетке келтірген шығындары 48 мың сом деп бағаланды. Браконьерлердің әрбіреуі бір жыл 6 айға шартты түрде бас бостандығынан айырылды (бір жылдық сынау мерзімімен). Дәлірек:

<http://www.regnum.ru/news/803911.html>.

Қазақстаннан ақбөкен мүйіздерін алып кетуге тырысқан Қытай азаматы елден қуылды

ИНТЕРФАКС хабарлағанындай, Қарағанда қаласының (Қазақстан) әкімшілік соты контрабандалық жолмен 200 кг ақбөкен мүйіздерін алып кетуге тырысқан Қытай азаматын кінәлі деп тапты. Қылмыскерге айып төлетті де, республикамыздан қуылды. ҚР-сының облыстық орман және аңшылық шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша, Қарағандыға қонақ ретінде келген қылмыскер белгісіз адамдардан ақбөкен мүйізін сатып алып, оларды өзі жалдаған квартирде сақтаған. Ақбөкен мүйіздерінің бағасы ҚХР-ында, басқарма мәліметінше, әрбір килограммы 200 доллар тұрады. Республикамыздың заң актілеріне сәйкес, ақбөкенді ату және контрабандалық жолмен оның өнімдерімен ұсталған қылмыскерлер әкімшілік жолмен немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Толығырақ: http://www.interfax.ru/r/B/politics/2.html?id_issue=11656506.



Қытай дәріханасында сатуға қойылған мүйіздер.
Сурет М.Росбаитікі

Тайвань полициясы жасырын базарда ақбөкен мүйіздерін конфискіледі

Тайвань табиғат қорғау орталығының 2007 ж. 1-ші мамырдағы хабары бойынша, кеден және полиция қызметкерлері Тайванда 680 ақбөкен мүйіздерін конфискілеген. Мүйіздердің жалпы салмағы 100 кг болған, оның бағасы жасырын базарда – 5 млн. юань (650000 доллар). Бір килограмм мүйіздің бағасы да жоғары, 50-75 мың юань (6500-9000 доллар). Тексеру мен конфискілеу жұмыстары Тайванның атқарушы кеңесшісінің жоспарына сәйкес жүргізілді. Ол ауыл, мал және балық шаруашылықтарының өнімдерімен, фаунасымен контрабандылық жолмен сауда жасаумен аяусыз күрес жүргізумен байланысты. Жергілікті кеден және полиция қызметкерлері ақбөкен мүйіздерін арнаулы бақылау кезінде ұстады. Ақбөкен мүйіздері екенін Мушан хайуанат паркі мен Табиғат қорғау Ассоциациясының азиаттық секция қызметкерлері анықтаған. Олар, шынында да, мүйіздердің саны азайып бара жатқан аң-киікті екендігін анықтап берді.

Басылымдарға шолу

Ресей: *Известия Калмыкии*. 26 мамыр 2007 ж. [қысқартылып алынды]

Ақбөкендер қайтып оралуда

Ақбөкенге деген халықаралық қызығушылық әлсірейтін емес. Бұл бағалы жануарлар әлі де мекендейтін барлық территориясында жойылып кету қаупінде тұр. Қалмақияда жылдан-жылға ақбөкенді қорғау жақсаруда. Бүгінде жануардың саны өсу үстінде. Бұл жаңалықпен «Известия Калмыкии» тілшісін «Черные земли» мемлекеттік табиғи биосфера қорығының директорының ғылым жөніндегі орынбасары Борис Убушаев таныстырды.

«Биылғы жылы қыс жылы болғандықтан, басқа жылдарға қарағанда, төлдеу ерте басталды: «28-ші сәуірде» - деді ол. 9-ші мамырда ол (төлдеу) аяқталды. Алдын-ала деректерге қарағанда, қорық территориясында 14 мың аналық ақбөкен есепке алынды. Ал, «Тенгутин» республикалық қорықшасы территориясында тағы да 1.5 мың жануарлардан төл алынды. Өткен жылдары біздер қорықта барлығы 7-9 мыңдай ғана ақбөкен құралайын алатын едік. Қазірде популяция саны өсуде әрі жағдай тұрақтала бастады. Бұл Ресейде ақбөкенді сақтап қалуға тырысқан біраз ұйымдардың бірлесіп атқарған жұмыстарының нәтижесі. Бұл салада бізді Ұлыбритания Үкіметінің «Дарвин инициативасы» программасы біріктіреді. Бұл халықаралық жоба (проект) Қалмақия 2003 жылдан бастап жұмыс істейді. Оны Лондон империял колледжінің профессоры Элеонора Милнер-Гулланд басқарады. Қалмақияда бұл жобаға «Черные земли» қорығы, Қалмақ республикасының табиғат ресурстары комитеті, Ресейдің Қалмақия жөніндегі ауыл шаруашылық басқармасы, жабайы жануарлар Орталығы, Ресей академиясының Қалмақия гуманитарлық зерттеу институты, Дхарма – Орталығы, Яшкөлдің көпсалалы гимназиясы, Элиста балалар үйі қатысады. Жобаға қатысушылар бірінші кезекте жергілікті халықпен жұмыс істеуді қалады. Өйткені, басқа факторлармен қатар (ауа райы, жыртықштар) Ресейде ақбөкеннің құрып кетуге таяу қалуының басты себебі – браконьерлік болды. Ол әлі де баршылық.

Осы жобаның барысында Яшкөл және Комсомол гимназияларының оқушылары өздерінің аудандарында ауылдық тұрғындардың хал-жайы, олардың ақбөкенге көзқарастары және бұл аңды қорғауды күшейтуге қатыстары туралы материалдар жинайды. Қоғамдық пікірлерді зерттеу екі бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік берді: браконьерлерге қарсы табиғи қорықтардың жұмыс істеуін жақсарту түсті және жергілікті халықтардың әл-ауқатын азда болса жақсартуға көмектесті.

«Дарвин инициативасы» фондасының өкілдері Қалмақияда 10 күн болды. Ақбөкен жағдайын ойландыратын бұл адамдарды жоба координаторы Э.Милтер-Гулланд бастап келді. Бұл сапарда олардың әрқайсысының өз алдына мақсаттары болды. Біреуі ұйымшылдық мәселелерімен айналысса, екіншілері Қалмақияның табиғат жағдайын білгісі келді, бірақ барлығы да Элиста, Комсомол және Яшкөл оқушыларымен кездесті. Қонақтар бұл проблемаға оқушылардың өте жауаптылықпен қарайтындығына таң қалды. Роза Баик түсірген документальды фильмінде тек ақбөкен жайы ғана айтылып қоймай, Қалмақ халқының тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы да сөз болады. «Мен Уэльсте тұрамын. Жануарлар дүниесімен ертеден айналысамын. Менде жойылып бара жатқан жануарлар жөнінде бірнеше кинофильмдер бар. Бұл ленталар Англияда ақбөкенді сақтау тақырыбында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге көмектеседі». Элеонорамен бірге оның анасы да – Алисонда келді. «Мен суретшімін, сондықтан менің мақсатым – осында көргенімің бәрін бейнелеу. Біразын бейнелеп те үлгірдім. Үйге қайтып оралған соң – нағыз суреттер салуға кірісемін. Олар арқылы халық Қалмақия туралы біраз мәліметтер алады. Біз бүкіл дүние жүзіне осы ғажап жануарлар туралы әңгіме айтамыз. Оларға қандай қауіп төніп тұрғанын бүкіл дүние жүзі халықтары білсін. Англияда ақбөкен жоқ, бірақ басқа жануарлар түрлері бар ғой, олардың жағдайы да онша емес. Міне осы жайлар бізді біріктіреді». Осы сияқты халықаралық қауымдастықтың ақбөкенді сақтап қалу проблемасында бірігуі өзінің жемісін береді.

Людмила Сарангова

Мақалалар

ИНТАС жобасы табысты аяқталу шегіне жетті

Э.Дж. Милнер-Гулланд

Лондон Империял колледжі, e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk



ИНТАС қаржыландырған үшжылдық «Жойылып кету қаупі бар ақбөкеннің көбею экологиясы», жобасы 2007 жылы наурыздың аяғында бітті. Бұл жобаға Ұлыбритания (Лондон империял колледжі), Норвегия (Осло университеті); Ресей (РФА-ның экология и эволюция институты және ҚР-ның жабайы жануарлар Орталығы), Өзбекстан (ӨФА-ның Зоология институты), Қазақстан (Зоология институты, Қазақстан Ұлттық агроуниверситеті) командалары қатысты.

Біздің зерттеуіміздің міндеттері – ақбөкеннің екі популяциясының көбею кезіндегі мінез-құлқын бақылау: жақсы қорғалатын Қалмақ популяциясы (Ресей) және Үстірт популяциясы (Қазақстан мен Өзбекстан территорияларында таралған трансшекаралық популяция) – браконьерліктің күшті әсері тиетін популяция. Оси екі популяцияны салыстырмалы түрде зерттеу нәтижесі браконьерлік жолмен алудың (селективные изъятия) түрдің өніп-өсу экологиясына қаншалықты әсер ететінін бағалауға мүмкіндік берді. Осындай ғылыми зерттеудің арқасында оларды келешекте басқаруға ұсыныс (рекомендация) берілді. Екінші жағынан-жоба ақбөкен таралған елдерде оны тиімді қорғау және басқарудың негізін салуға бағытталған. Біз жануарлардың буаз болу кезінде бақылайтын әдісті пайдаландық; ол ақбөкен қиларын (фекалий) гормональды анализ арқылы тексеруге негізделген; енді жануарларды сойып тексерудің қажеті жоқ. Сондай-ақ ақбөкен таралған үш елде пайдалануға болатын біз ақбөкендердің күйлеуі мен төлдеуі кезіндегі, үйірінің құрамы мен мелшерін анықтауға арналған мониторингтік әдісті ұсындық. Бұл әдіс салыстырмалы түрде ақбөкен мекендейтін елдерде оның көп мерзімдік мониторингін жасауға көмектесті. Біз бұл моделді ақбөкендердің популяцияларына самолетпен санақ жұмысы кезінде жіберілетін кейбір кемшіліктерді болдырмауда және санақ әдістерін жетілдіруде пайдаландық. Сонымен, жас мамандарды үйрету арқылы, табиғат қорғау саласында істеп жүрген ғалымдар мен қызметкерлер арасында мәліметтерді тарату, насихаттау арқылы ақбөкен таралған үш елде бұл жануарды сақтау мен басқару ісіне өзіміздің үлесімізді қостық деп санаймыз.



Ақбөкен лақтары «Черные земли» биосфера қорығында, Қалмақия, мамыр 2004 ж. Сурет Н. Буннефельданікі

Біздің жоба ақбөкенді сақтау мен зерттеу процестеріне тәуелсіз мәліметтер одағы (СНГ) көлемінде және халықаралық деңгейде әсер етті. Ғылыми мәліметтер алу үшін бізге бірнеше халықаралық конвенциялар және үкіметтік емес ұйымдар, көптеген журналистер, студенттер мен жеке адамдар көмектесті. Біздің жұмыстар жергілікті, ұлттық және халықаралық телехабарларда, фильмдерде көрсетіліп, газеттерде жарияланды. Ақбөкен кездесетін үш елде ақбөкен экологиясынан мәліметтер жинау бірыңғай методикалық әдіспен жүргізілді. Мұның өзі-біздің ғылыми зерттеулеріміз ақбөкенді басқаруға әсер етті деген сөз. Біз ұзақ мерзімді мониторингті Қалмақия мен Өзбекстанда ұйымдастырдық; ал ол Қазақстанда жүзеге асырып жатқан мониторингті жақсартуға түсуге көмектесті. Біздің буаз аналықтарға бақылау жүргізудегі жаңа әдісіміз ақбөкенмен, сонымен қатар басқа да жануарлармен айналысатын мамандардың үлкен қызығушылығын тудырды. Сондай-ақ әр елдің мемлекеттік ұйымдарын және халықаралық ұйымдарды ақбөкен проблемаларын шешуге қатысуға жұмылдырдық. 2006 жылы өткен қоныс аударатын түрлер конвенциясының мәжілісінде өзара түсінісу меморандумына (ӨТМ) қол қойған елдер ИНТАС командасын ғылыми эксперт болуға шақырды. Жас мамандар Г.Эрденовтың, Н.Арылованың и А.Вознесенскаяның (Ресейден), Д.Головцованың (Өзбекстан) білім дәрежесін көтеруге мүмкіндік жасадық. Әсіресе, біздің жас ғалым Надежда Арылованың Sidney Byers Trust стипендиясын ұтып алғанына мақтанамыз. Ол оның диссертациялық жұмысын табысты аяқтауына көмектеседі.



Жас ғалым Надежда Арылова (ҚР жабайы жануарлар орталығы), ақбөкеннің буаздығын анықтау үшін аңнан қан алуда. Сурет А.Луцекинанікі

Біздің жобаның нәтижесі туралы бірнеше жұмыстар жарияланды, жақында тағы да бірнеше жұмыстар жарық көрмекші. Бірнеше мақалалар *Saiga News-те*, осы басылымды қоса, жарияланды. Басқалары төменде көрсетіледі.

Ағылшын тіліндегі мақалалар сайтта www.iccs.org.uk:

- Кюль А., Мистеруд А., Эрденев Г.И., Луцекина А.А., Грачев Ю.А., Бекенов А.Б., Милнер-Гулланд Э.Дж. «Большие транжиры» степи: связанный с полом материнский вклад и двойни у сайгака. Материалы Королевского общества В 274, 2007. С. 1293-1299.
- Чудо степей Казахстана. Учебное пособие для школьников. Под ред. Я. Диркса. Караганда, 2006. 36 с.

Орыс тіліндегі мақалалар сайтта <http://ecoclub.nsu.ru/books/Stepbull.htm>:

- Арылов Ю. Н., Вознесенская В. В., Луцекина А. А., Меджидов Р. А., Милнер-Гулланд Э. Дж., Убушаев Б. С. Международные проекты по изучению и сохранению сайгака в Калмыкии. Степной бюллетень, № 21-22, 2006. С. 11-13.
- Быкова Е. А., Есипов А. В., Ефимов А. Ю., Головцов Д.Е. Сайгак в Узбекистане – современный статус и причины сокращения популяции. Степной бюллетень, № 21-22, 2006. С. 17-20.
- Грачев Ю. А., Бекенов А. Б. Состояние популяций и перспективы сохранения сайгака в Казахстане. Степной бюллетень, № 21-22, 2006. С. 15-17.

Біз ИНТАС жобасы бастаған жұмысты одан әрі жалғастыруды жоспарлап отырмыз. Негізгі бағыттар – қоныс аудару себептерін түсіну, жергілікті халықтарды қатыстырумен мониторингті одан әрі жалғастыру. Бұл ақбөкендерді сақтау мен басқарудың негізгі құралы болып табылады. Еуропалық Одақтың ИНТАС-ты қаржыландыруды тоқтатуға байланысты, 12 жылдай ақбөкенді зерттеуге қаражат бөлген ИНТАС бұдан былай бұл тақырыпты қаржыландыра алмайды. Бірақ соңғы жобаның төңірегінде құрылған топ қаржыландырудың жаңа көздерін таба отырып, өздерінің сондай тиімді қарым-қатынастарын жалғастыра береді деп сенеміз.

Үстіртте ақбөкендердің көбеюі

Ю.А.Грачев, А.Б.Бекенов

ҚРБҒМ-ның Зоология институты, terio@nursat.kz

Зерттеу жұмыстары 2004-2006 жылдары қазақстандық Үстіртте жүргізілді. 2004 ж. ақбөкеннің төлдеуі 14-ші мамырда басталды. 14-26 мамыр аралығында 595 ақбөкен лағы (құралайы) кездесті. Туғанына 0,5-2 тәулік болған лақтарының салмағы 3100-3850 г, дене мөлшері – 510-600 мм (n=9) болса, 3 тәуліктен кейін салмақтары 3950-4600 граммға, дене тұрқы - 600-660 мм-ға (n=4) өсті. Еркектері мен ұрғашыларының дене мөлшерінде айырмашылық онша емес. 13 лақтың 7 (53,8 %) еркек, ал 6 (46,2 %) ұрғашы болды. Аналықтары көбіне бір лақтан туса, екі лақ тууы одан төменірек. Мысалы, кездескен 133 аналықтың 87-сі (65,4 %) бір лақтан, ал 46-сі (34,6 %) егізден тапты. Орташа бір аналыққа 1,34 лақтан келді. Популяцияның өсімталдығы, өткен жылдармен салыстырғанда, төмендегені байқалады. Бұрын әр аналыққа орташа 1,5 лақтан келетін. Бұл жағдайда көбеюге қатыспаған ұрғашыларды есепке алу мүмкін емес. Мысалы «Лақтары мен аналықтары» арақатнасын тек жорамал түрінде экспедицияның соңғы екі күнінде (25-26 мамыр) есепке алуға болады. Бұл күндері ақбөкендер төлдеуін аяқтап, солтүстікке қарай бет алған уақытта олар өздерінің лақтарымен бірге болады. Осы екі күнде, 334 лақ пен 578 аналықтар кездесті. Бұл бір аналыққа орташа 0,57-ден лақ келеді деген сөз. Бұл қатынас шындыққа жақын, өйткені ақбөкен тобында өніп-өсуге қатыспаған ұрғашылары да болды ғой.



Ақбөкен лағы. Үстірт, Қазақстан. М. Фрая суреті

2005 жылдың мамыр айында ақбөкендердің үлкен тобы Қосбұлақ сорының маңында кездесті (Өзбекстан шекарасынан солтүстікке қарай 70 шақырым жерде). Мұнда көлемі 100-150 км² жерде ұрғашы ақбөкендердің бірнеше мыңы ұшырасты. Төлдейтін жерлері – ойлы-қырлы жазықтық (Қосбұлақ сорынан батысқа, солтүстікке қарай). Онда әртүрлі шөптер (боялыш, жүсан, дөңді дақылды шөптер) мен сексуеуіл өскен. Шамамен, алғашқы ақбөкен құралайлары 12 мамырда туды; өйткені 14 мамырда бізге туғанына екі тәулік болған бірнеше ақбөкен лақтары кездесті. Жалпынама төлдеу 14-17 мамырда байқалды. Соңғы туған лақтарды 19 мамырда ғана байқадық. Зерттерген лақтардың жасы 2 тәулік немесе одан көбірек. Өлшенген 13 лақтың жасы 6-12 сағат болса, еркектерінің (n=8) салмағы 2700-3400 г, орташа 3087 г, ұрғашыларының салмағы (n=5) 2800-3350 г, орташа 3070 г. болды; айырмашылығы онша емес.

177 кездескендердің бір лаққа 126 (71,2 %), екі лаққа 50 (28,2 %), үш лаққа 1 (0,6 %) сәйкес келеді. Орташа туған бір аналыққа 1,29 лақтан келеді. Туған төлдерінің 1 км² тығыздығы әртүрлі учаскелерде 18-ден 35-ке дейін болды. 20-21 мамырда өскен лақтарының біразы аналықтарымен қосылып, бір үйірде болды. Кездескен бір группада 131 аналық 32 төлдерімен бірге болса, екіншісінде – 22 аналық 11 лақтарымен болды. Төлдеу кезінде ауа райы да жақсы болды; төлдердің төменгі температурадан немесе нөсерлі жаңбырдан өлім-жітімі байқалған жоқ. Тек қасқырлар жеген 9 лақтың қалдығы табылды. Көпжылдық зерттеулер нәтижесі, лақтың қасқырлардан аз шығынға ұшырайтынын көрсетті. Бір лақтың қаңқасы дала бүркіті ұясының қасынан табылды.



Ю. Грачев ақбөкендер кездескен жерлерді картаға түсіруде. Сурет Ж.Ф. Лагронікі

Қосбұлақ сорынан басқа ақбөкендердің аздаған тобы төлдеу кезінде (мамыр айы) Асмантай-Матай сорының (70 км батысқа қарай) маңында, сондай-ақ Ембі өзеніне жақын Қантөрткөл тауының төңірегінде (одан әрі батыс бағытында) кездесті.

2006 жылы ақбөкендердің топтасып төлдейтін қоныстарын таба алмадық. Өйткен, ауа райы жауын-шашынды болды да, жануарлардың көптеп төлдейді деп шамалаған бұрынғы метеостанция Тереңқұдық маңына машинамен жете алмадық. Осы жерден оңтүстікке қарай аздаған ғана ақбөкендер ұшырасты. 21 мамырда браконьерлер өлтірген ұрғашы аң бір эмбрионымен табылды. 22 мамырда Шошқакөлден солтүстікке қарай бір аналық бір лағымен кездесті. Бозашы түбегінде маусым (июнь) айында 5 аналық пен 7 лақтан тұратын бір группасы көзде түсті. Осы келтірілген аздаған мәліметтерді қортындылай келе, әрбір туған ұрғашы ақбөкенге, орташа, 1,28 лақтан болды деп жорамалдауға болады.

Жалпы алғанда, ақбөкендердің көбею немесе өніп-өсу мерзімі, орташа көпжылдық материалдармен салыстырғанда, онша өзгерген жоқ; жаппай төлдеуі бұрынғыдай мамыр айының екінші онкүндігінде басталады. Өсімталдығы төмендеген, оған орташа төл санының 1990-шы жылдары 1,50 болса, қазірде 1,28-1,34 лақтан келуі дәлел. Егізден тууы сирек. Бұрын аналықтардың 75 %-і егізден, 25 %, бір лақтан туса, ал қазірде тек 28 % аналық екі лақ туады. Жалпы ақбөкен өсімталдығының төмендеуінің негізгі себебі – популяциялар құрамында ересек текелерінің азайып кетуі болды. Соған байланысты көбеюге қатыспаған аналықтар саны көбейді. Аңдар популяцияларының құрамы өзгеруіне сәйкес егіз лақ туу азайды. Онда өсімталдығы төмен жас аналықтар басым келді.

Бұл зерттеу ИНТАС-3579 жобасының қаржыландыруының арқасында жүзеге асты.

Ақбөкеннің филогеографиясы

Холодова М.В.


РФА-ның экология және эволюция проблемалары институты, mvkholod@mail.ru

Осы уақытқа дейін ақбөкеннің генетикалық әртүрлілігінің дәрежесі әлі белгісіз. Аның тарихында таралу ареалы қысқарды және саны да азайды (Банников және басқалар, 1961; Барышников және басқалар, 1998). Ақбөкеннің әртүрлі популяциялары арасындағы туыстық жағы да белгісіз. Моңғол ақбөкенінің шығу тегі мен статусы да жеткілікті анықталған жоқ. Филогеографиялық құрылысы мен ақбөкеннің генетикалық әртүрлілігіне баға беру үшін жануардың әртүрлі популяцияларынан алынған (n=93) гиперварибельды фрагменті D–петли митохондрияльды ДНК-ға (мтДНК) полиморфизмді анализ жасалды. Барлығы 52 гаплотип сипатталды.


Уникальды гиплотипті үлгілер (образцы) - 36,6 %, ал бірнеше рет кездескендері - 63,4 % болды. Жалпы алғанда, ақбөкенге жоғары гиплотиптегі (H=0,98) өзгергіштермен нуклеотидтық әртүрлілік тән. Олар, орташа күйіс қайыратын жануарлардың мөлшерімен салыстырғанда, ($\pi = 3,7 \%$) бірнеше рет жоғары. Жеке гаплотиптер арасындағы айырмашылықта айтарлықтай, варибельды сайттар мен мутация арасында өзгерістер көп-ақ. Бұлардың барлығы ақбөкеннің қазіргі ДНК полимерфизмі тарихи ұзақ уақыт бойы дамығанын көрсетеді және эволюциялық даму ретінде бұл түрдің көне дәуірден өмір сүріп келе жатқанын дәлелдейді (Барышников және басқалар, 1998).

Ақбөкеннің жеке популяцияларында генетикалық әртүрлілік көрсеткіштері айтарлықтай өзгереді. Генетикалық өзгергіштіктің негізгі көрсеткіштерінің жоғарысы ақбөкеннің Үстірт пен Бетпақдала популяцияларында болды да, ал төменгі көрсеткіші (3-5 есе төмен) – моңғол ақбөкендерінде байқалды. Мүмкін, ақбөкеннің номинативті тұртармағында (*Saiga tatarica tatarica*) генетикалық әртүрлілік көрсеткішінің жоғары болып сақталуы, олардың санының өзгеріп тұруына қарамастан, бұл түрдің өніп-өсу жылдамдылығының жоғары болуымен байланысты болуы мүмкін. Еуропалық және қазақстандық популяциялардың филогенетикалық қатынастарына анализ жасағанда, сондай-ақ ақбөкеннің әртүрлі тұртармақтарының қатынастарына талдау жасау мынаны көрсетті: жалпы барлық қазіргі ақбөкендер бірінғай жоғары полиморфты популяциядан шыққан. Популяциялар аралық генетикалық дистанцияларды талдағанда, моңғол популяциясының басқа популяцияларға қарағанда сондай генетикалық бөлінгенін байқатады, ал үстірт пен бетпақдала популяциялары арасында айырмашылық жоқ (1-сурет). Сонымен, қазірде территория жағынан бөлек тіршілік ететін әрі қоныс аудару жолдары да бөлек қазақстандық популяциялар (Фадеев, Слудский, 1982; Бекенов, Грачев, 1998), біздің мәліметіміз бойынша, бір-біріне өте жақын, туыс екендігін көрсетеді.

Ал, еуропалық ақбөкендер генетикалық жағынан қазақстандық популяцияларға жақын тұрса да, бұл популяцияда қазақстандыққа жақын гаплотип табылған жоқ. Қазақстанның барлық популяцияларында барлығына тән гаплотиптер кездесті. Мүмкін, Жайық өзені оңжағалалық (еуропалық) және солжағалаулық (қазақстандық) популяциялар үшін кедергі ролін (барьер) атқарады шығар. Деседе, әртүрлі кезеңдерде ақбөкендердің бір жағадан екінші жағаға өткендігі байқалған (әсіресе, жұт жылдарында) (Банников және басқалар, 1961). Сүтседе, осы популяциялар арасында, әсіресе аналық жағынан, генетикалық алмасу мардымсыз ғана. Бірақ, *S. t. tatarica* популяцияларының бір-бірінен алшақтауына қазірде антропогендік факторлар зор әсер етеді. XX ғ. 1980-1990 жылдары Қазақстанда жануарлардың бір группировкадан екінші группировкаға өтуіне антропогендік тосқауыл себеп болғаны байқалды (Бекенов, Грачев, 1998). XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында ақбөкендер санының барлық елде жылдан – жылға азайғанын және территория жағынан алыстай бастағанын есепке алсақ, онда популяциялардың генетикалық оқшаулануы өсе түседі.



Сурет 1. *Saiga tatarica* популяциялары қатынастарының генетикалық дистанциясы (салыстырмалы генетикалық қашықтық негізінде, Net distance).



Сурет 2. Ақбөкеннің әртүрлі популяцияларындағы медиандық гаплотиптер (ақ точкелер-еуропалық, сұр – қазақстандық, қара-моңғолдық. Точкелардың диаметрі үлгілер санына гаплотип мәліметімен сәйкес келеді. Стрелка – шығу тегі бағытынан (сыртқы группа ретінде су ешкінің (*Kobus kob*) ДНК-ның гомологикалық фрагменті пайдаланылған).

Молекулярно-генетикалық мәліметтер шығу тегіне қазақстандық ақбөкендер жақын екендігін көрсетеді. Қазақстан ақбөкендерінің гаплотиптері көбірек өзгергіштігімен ерекшеленеді. ДНК полиморфизмін тексеру-голоценде қазіргі таралу ареалында ақбөкендердің жан-жаққа қоныстану орталығы – Орталық Қазақстан аудандары болғанын дәлелдейді. Аз генетикалық өзгергіштікке ұшырауымен бейімделетін моңғол ақбөкендері, *S.t.mongolica*, шығу тегі бірінғай популяциядан бөлініп, ұзақ уақыт бойы басқа популяциялардан байланысын үзіп, бөлінген, саны аз мөлшерде тіршілік етіп келе жатқан популяция. Бұл моңғол тұртармағының морфологиялық ерекшеліктерімен де дәлелденеді. Олар басқа ақбөкендерден дене мөлшерінің кішілігімен және дене құрлысының басқа да айырмашылығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысы ИНТАС 97-11197 жобасы бойынша, Ресейдің зерделі зерттеу фондысы және Сан-Диего зоологиялық қоғамының қаржыландыру нәтижесінде жүзеге асты. Қосымша мәлімет Холодова және басқалар (2006) мақаласында, Орух, www.iccs.org.uk.

Астрахань облысының «Степной» қорықшасында ақбөкенді қорғау

Хлуднев А. В.

Астрахань облысының «Степной» қорықшасы, Ресей, angelok-19@yandex.ru

Солтүстік – Батыс Прикаспийде, Астрахань облысының оңтүстік – батыс бөлігінде жайқалған бидайық даланың биологиялық әртүрлілігі ерекше комплексі бар. Адам қызметіне аз ұшыраған табиғи территорияда сүтқоректілердің, құстардың және өсімдіктердің сирек түрлері сақталған. Олардың ішінде дала бүркіті, жамансары, ақбас тырна, безгелдек және ақбөкен бар. 1990-шы жылдары ақбөкен санының айтарлықтай азайып кетуіне байланысты және басқада сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер түрлерін сақтау мақсатымен табиғат қорғаушылар-астраханьдықтар табиғи қорықша ұйымдастыру мәселесін көтерді. Бұл жұмысты Астрахань облысының губернаторы А.П.Гужвинде қолдады. Ол өзінің 5-ші сәуір 2000 жылғы № 120 қаулысымен Астрахань облысының Лиман ауданында жер көлемі 87 мың гектар болатын мемлекеттік табиғи «Степной» қорықшасын ұйымдастырды. Қорықшаның негізгі міндеттері: қорықша территориясында браконьерлікті болдырмау; ақбөкеннің тіршілігіне және өніп-өсуіне жағдай туғызу; жергілікті тұрғындар арасында үгіт-насихат жүргізу; шаруашылықпен айналысатын мекемелерінің қорықша режимдерін мүлтіксіз орындауын қамтамасыз ету, ғылыми жұмыстар жүргізуге көмектесу.

Қорықша қызметкерлері осы міндеттермен қатар басқада міндеттерді орындау үшін жұмыс атқаруда. Қорықшада 10 адам қызмет етеді. Инспекторлар түнде көретін приборлармен, радиостанциямен, екі мотоциклмен («Кавасаки», «Ямаха»), қару-жарақпен, навигациялық прибормен, бинокльмен, экспедициялық құрал-жабдықтармен, видеокамерамен және фотоаппараттармен қалтамасыз етілген. Инспекторлармен құқықтық және басқа да мәселелер жөнінде тұрақты сабақтар өткізіліп тұрады; қару-жарақты және басқада арнаулы жабдықтарды пайдалану ережелерін сақтау жөнінде инспекторлардан зачет алынып отырады.



Қорықша қызметкерлері далада объектілерді қорғау үстінде. Сурет А.Хлудневтікі



В. Калмыков – браконьерлер үшін қауіпті. Сурет А. Хлудневтікі

Қорықшаның жұмыс істеген алғашқы күндерінен бастап екі автомашинамен тәулік бойы территория бақылауда болды. Ұзамай-ақ бұл жұмыс өз нәтижесін берді. Қорықша қызметкерлері үнемі осы территорияда ақбөкен аулайтын барлық браконьерлерді ұстады. Инспекторлардың жұмысы туралы хабарлар тез-ақ округ аймағына таратылды. Бізде қуатты мотоциклдердің болуы мотоциклдермен аң аулайтын браконьерлерді ұстауға жақсы көмектесті.

Ақбөкенді қорғау әртүрлі әдістермен жүргізілді: қорықшаның барлық территориясы машинамен түгел бақылауға алу; браконьерлер жүретін жолдарда жасырын бақылау ұйымдастыру; қорықшаны кесіп өтетін жолдарда бақылау жүргізу; әртүрлі учаскелерде бақылау пункттерін ашу.

Малшылармен жұмыс істеу арқылы, олардан ақбөкен жөнінде және қорғалатын территорияда тағы да басқа өзгерістер туралы пайдалы мәліметтер аламыз. Малдары ұрланған шаруаларда бізбен жақсы байланыста жұмыс істейді. Мәселен, сотовый телефон арқылы бізге сенімсіз пайда болған мотоциклистер туралы хабарласса, бізде дереу тиісті шаралар қолданамыз. Бірақ браконьерлерде жақсы хабарласу құралдарымен жабдықталған ғой, оларда бір-біріне территорияда инспекторлар немесе қалмақ Республикасынаң аңшылық басқармасының қызметкерлері жүрме немесе жоқ па соны хабарлайды. Сондықтан да ондай учаскелерге түнгі көру приборлары арқылы жасырын шығуға мәжбір боламыз.

Инспекторлар жұмыстан бос уақытында аудан мектептерінде, кітапханаларда, профтехучилищелерде қорықшада түсірілген видеофильмдерді пайдаланып сабақтар өткізеді. Квартал сайын жергілікті газеттерде қорықша территориясындағы жаңалықтар туралы мәлімет беріп тұрамыз. 2006 жылдың маусым айында Ресейдің СТС телеканалы біздің видеоматериалдарды пайдалана отырып, ақбөкен жөнінде телефильм түсірді. Үлкен табыспен бұл фильм Астрахань телевидениясынан да көрсетілді. Астрахань газеттерінде ақбөкен жайында мақалалар шықты.

2007 жылдың ақпан айында Астрахань «Лотос» телерадиокомпаниясының адамдары қорықша территориясында ақбөкенді сақтау жөніндегі инспекторлардың жұмысы туралы және қасқыр санын реттеу туралы бейнелер түсірді. Бұл екеуі де 11 және 17 ақпан күндері Астрахань теледидарынан көрініс тапты. Жұртшылыққа ұнады. «Комсомолец Каспия» газетінде (14 ақпан) қорықша және оның қызметкерлері туралы үлкен мақала жарық көрді.

Қорықша инспекторлары ғылыми қызметкерлерге, Ресей және шет ел студенттеріне зерттеу жұмыстарын жүргізуге көмектеседі. Үш жылдай қорықша территориясында ақбөкен мониторингісі туралы арнаулы маршруттар: таблицаларды толтыру арқылы инспекторлар үлкен жұмыстар жүргізеді. Біздің және басқа да мамандардың мәліметтері ақбөкенді бақылау жөніндегі барлық мәліметтер базасына беріледі де, содан осы база мәліметтері арқылы материалдар картаға түсірледі. Сөйтіп, қорықша территориясында ақбөкен санының жылма-жыл және маусымдар бойынша өзгеру себептеріне ие боламыз.

Республика Қалмақияның жабайы жануарлар Орталығымен, «Черные земли» биосфералық қорығымен, МАБ-тың Ресейлік комитетімен тығыз бірлесе жұмыс істеу арқасында қорықша қызметкерлері ғылыми жұмысқа тартылып, әртүрлі ресейлік және халықаралық ұйымдармен бірлесе жұмыс атқарады. Мысалы, біз бірқатар ақбөкенді зерттеу және сақтау проекттеріне қатысушылардың бірі болдық (жобалар жетекшілері – б.ғ.к. А.А.Луцкекина және проф. Ю.Н.Арылов). «Степной» қорықшасының қызметкерлерінің ақбөкенді қорғау жұмыстары мен жергілікті халықтармен жұмыс істеу инициативтері халықаралық табиғат қорғау ұйымдары: IFAW, PTES, INTAS, Darwin Initiative сияқтылардан үлкен қолдау алды. Сондай ғажайып аң-ақбөкенді сақтап қалуға көмектескен ұйымдарға «Степной» қорықшасы қызметкерлері атынан үлкен алғысымды білдіремін.

Біздің мәлімет бойынша, ақбөкен санының азаюы тоқталды және оның саны баяу болса да өсуде. Мысалы, қазірде Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен саны - 20 мыңдай, оның бір мыңдайы ересек еркектері. Өзіміздің жұмысымыз арқылы келешек ұрпақтар үшін ақбөкенді сақтауға көмектесемыз.

Ақбөкен еліне ұмытылмас сапар

Стаси Айверсон

АҚШ-тың жабайы табиғатты сақтау жүйесі, stacey@wildnet.org

Стаси Айверсон – жабайы табиғатты сақтау жүйесінің менеджері (WCN) және оның күйеуі Кип Айверсон – волонтер WCN (компьютер/технология), сәуір және мамыр айларында екі жетідей Өзбекстан мен Қалмақияда ақбөкенді сақтау одағы (SCA) проектісі бойынша болып қайтты.

Орыс сөздігі және цифрлы фотокамерамен қаруланған біз Киппен Орта Азияға сапармен аттандық. Бұған дейін біз Африка мен Оңтүстік Америка елдеріне көп сапар шеккен едік. Ал, бұл Орта Азияға бірінші сапарымыз еді. Біз адамдарың сондай кішіпейілдігіне және табиғаттың сұлу көрінісіне таңқалдық.

Ташкентте бізді Александр Есипов пен Елена Быкова қарсы алды. Нива автокөлігіне мініп, біздің ертедегі Ұлы Жібек жолымен сапарымыз басталып та кетті. Сәлден кейін бізге Одақта істейтін зоологтар Дмитрий Головцов пен Гайрат Саидов қосылды. Олардың екеуі де жақсы жас ғалымдар екен және олар өздерінен үлкендерге сондай қамқорлықпен қарайды. Автокөлікті де жақсы жүргізеді екен. Біздің соңғы аялдамамыз Өзбекстанның батыс шекарасында орналасқан Қарақалпақстандағы елді пункт болды. Онда ақбөкеннің көне дәуірден келе жатқан қоныс аудару жолдары өтеді. Өкініштісі сол, мұнда браконьерліктің әсерінен ақбөкендердің төлдеуі бүгінде болмайды екен. Ақбөкендер бұл жерлерге тек қысқы қоныс аудару кезінде ғана келеді. Көк аспанның астында жайқалып көк шөптер желбірейді. Жан-жақтың бәрінде тыныштық. Ерте кездерде бұл жерлерді саяхатшылар атпен, түйемен немесе жаяу кесіп өткен ғой.

Шексіз далада жолымызда ұзақ болды, тек әсем табиғатты фотосуреттерге түсіруге ғана тоқтадық. Жол бойында анда-санда ұсақ құстар, кеміргіштер, жайылып жатқан қой отарлары, сондай-ақ түйелер, аттар мен есектерде көзге түседі. Жолда жеген тамағыңның өзі де тәтті ғой. Жолда біз Самарканд, Бұқара және Нөкес қалаларына тоқтадық. Әр қала өзінің тарихы, мешіттері және әсем көркімен, көне дәуірдегі тіршілігімен суреттеледі ғой.



Сондай сүйініспеншілікпен Өзбекстанда түйемен кездесу. Сурет К. Айверсондікі

Өзбекстандағы сапарымыздың төртінші күні Қарақалпақия поселкасының тұрғындары Миша мен Домиштың үйінде тоқтадық. Өткен уақытта Миша аңшы болған, бірақ бүгінде ақбөкеннің досы және табиғат қорғаушысы болды. Сондай-ақ ақбөкенге арналған творчестволық конкурстың жеңімпазын анықтау үшін жергілікті мектепте де болдық. Оқушылардың тамаша атқарған жұмыстары бізді таңқалдырды. Бәрі де аброймен ақбөкенді сақтау программасына қатысқанды ұнатады. Біз тағыда жолдамыз, Өзбекстандағы соңғы түнгі тоқтайтын жерге қарай асыған жүріп келеміз. Біздің мақсатымыз-Ұлы Жібек жолында орналасқан Үстірттегі ертедегі караван-сарай Белеулі бекетіне жету. Бұрын бұл жерде ақбөкендер төлдеген екен. Бекеттің маңында бұрын кішкене көл болған, айналасы құлазыған дала. Мен бұл далада ұзақ уақыт қалатындай көрінемін.

Елена және Александрмен қоштасып, Анна Луцкекинамен кездесу үшін біз Мәскеуге кеттік.

Бұл сапардың мақсаты – Қалмақиядағы жабайы жануарларды өсіру Орталығында болу. Біз бірінші түнді Анатолий мен Надежда Хлудневтардың үйінде өткіздік. Анатолий – «Степной» қорықшасының директоры. Бұл елде де бізді жақсы қабылдады. Келесі күні «Степной» қорықшасында болдық. Жазық дала – кеміргіштер мен жыртқыш құстардың (қаршыға, сұңқар, бүркіт) нағыз мекендері болып табылады. Әсіресе, жойылып бара жатқан ақбөкендерді көргенде қуанышымызда шек болмады. Біз браконьерлермен күрес жүргізетін бригадаменде кездестік. Олардың ауыр жұмыстары туралы толық мәліметтер алдық. Жеті жылдың ішінде олар қорықшада браконьерліктің түбіріне балта шауыпты. Сол арқылы ақбөкендер мен басқа да тек осында мекендейтін жануарлардың өніп-өсетін қоныстарын жақсы қорғап қалды.

Біздің соңғы аялдайтын жеріміз – Қалмақия орталығында орналасқан ақбөкенді өсіру Орталығы болды. Б.ғ.докторы Юрий Арылов – Орталықтың директоры Орталықты дамыту барысында көп жұмыстар атқарып жатқаны байқалады. Үлкен тор (вольера) ішінде 40 ақбөкен бар екен. Ақбөкендерге сондай қамқорлықпен қарайтындығы байқалады; адамдармен қарым-қатынасы нашар болғандықтан аңдар жартылай жабайы сияқты. Визит-орталығы енді ғана жұмыс істей бастапты. Бірақ онда мектеп оқушыларының творчестволық жұмыстарының коллекциялары, жергілікті халықтың тарихы мен мәдениеті, адам мен ақбөкен байланыстары туралы стендылар көрсетілген.

Бұл сондай ұмытылмас сапар болды. Біз әуақыта қызықты кездесулер мен «Степной» қорықшасында жортып жүрген ақбөкендерді еске аламыз. Ақбөкенді сақтау Одағы үшін WCN-ның программалық менеджері ретінде енді мен өзімнің тәжірибем мен білімім туралы басқалармен бөлісе аламын. Еленамен және ақбөкенді сақтау Одағымен ұзақ уақыт және табысты жұмыс істейміз деп есептеймін.



Қалмақиядағы жабайы жануарларды өсіру Орталығының директоры Юрий Арылов Стаси, Кипке және WCN-ке қолдан тоқылған кілемді сыйлауда. Сурет А. Луцкекинаныкі

Проектілерге (жобаларға) шолу

Өзбекстанда ақбөкенді сақтау проектiлерiне жергiлiктi тұрғындарды тарту

Өзбекстанда ақбөкен санының қысқаруының негiзгi себебi, аң тараған басқа елдердегi сияқты, браконьерлiк. Ақбөкен етi мен мүйiзiн жергiлiктi тұрғындар өз мақсаттарымен қатар оларды сатады. Әсiресе, ақбөкендер қоныс аудару кезiнде (қазан-ақпан айлары) браконьерлiк жолмен оларды аулау күшейедi. Браконьерлiкке жол беру - жергiлiктi халықтың әл-ауқатының төмен болуынан, жұмыссыздық және ақбөкендердi заңсыз аулауға бақылаудың жоқтығынан туады. Сондай-ақ ақбөкен өнiмдерiне сұраныстың көптiгi және адамдарда бұл аң жайында мәлiметтердiң аздығы оны заңсыз аулауға әкеп соғады. 2007 жылдың қаңтар айында Өзбекстанда ақбөкендi сақтаудың екi проектiсi: жергiлiктi халықтың бiлiм дәрежесiн көтеру және оларды түрдi басқару процесiне тарту жұмыс iстей бастады.



Жаслық поселкесінде сұрау өткізу. Сурет Е. Быкованикі



№ 56 мектептің оқушылары (пос. Қарақалпақия) кестеге ақбөкен суретін салуда. Сурет А. Есиповтікі



1. Ақбөкен популяциясын басқарудың жергілікті ассоциациясын құру

Проектіні Өзбекстан Ғылым Академиясы Зоология институты мен Халықаралық фауна мен флора фондасы жүзеге асырады, қаржыландыру БАТ (British American Tobacco) жағынан. Жобаның міндеті – жергілікті тұрғындарды ақбөкенге ғылыми бақылау жүргізуге тарту. Мониторинг группасына бұрынғы және қазіргі аңшылар енеді. Олар мониторинг жүргізу әдістеріне үйренген. Қазірге дейін екі группа ұйымдасқан. Бірі – Жаслық селосында, екіншісі – Қарақалпақия поселкасында. Ақбөкеннің экологиясы (2006 жылдың қазанынан 2007 жылдың наурыз астына дейінгі мерзімде): қоныс аудару уақыттары, сан мөлшері, мекендерінде орналасуы, үйірінің мөлшері, жыныстық-жастық структурасы, мінез-құлқы ерекшеліктері туралы материалдар жиналған. Ғылыми материалдары жинау үшін ИНТАС проектiсі; «Ақбөкеннің көбею экологиясында» қолданылған мониторинг бақылау әдісін пайдаланамыз (жоғарғыны қара). Біз тағы да жергілікті тұрғындар арасында ақбөкенді сақтау мен тұрақты пайдалану керектігі туралы үгіт-насихат жүргізу және республикалық табиғат қорғау агентстваларымен бірлесіп акциялар өткізу міндеттерін де қойып отырмыз.

2. Өзбекстанда қоғамдық түсініктерді арттыру және жергілікті қауымдастықтарды тарту арқылы ақбөкенді сақтау



Ақбөкенді сақтау Одағы іске асыратын проектi өзiнiң алдына қоғамдық сана-сезiмдi ояту және ақбөкенді сақтау жөнiнде тұрақты жүйелер құру мiндеттерiн алға қояды. Жобаны WCN, Sidney Byers Trust және жеке донорлар қаржыландырады. Бiрiншi ретте бiздiң жұмысымыз Жаслық, Қарақалпақия, Құбла-Үстiрт поселкаларының жергiлiктi тұрғындарымен байланысты болады. Өйткенi, ол ауылдардың тұрғындары ақбөкен мекендерiне жақын орналасқан әрi оның өнiмдерiн тұрақты пайдалануға қатысқандар.

Бiз мектеп оқушылары және студенттермен бiлiм программасы бойынша жұмыс жүргiземiз (қара жоғарғыны), Жаслық поселкасында мектеп клубындағы қолөнер ремеселiнiң қызметiне қолдау көрсетемiз, үгiт-насихат материалдарын (буклет и плакаттар) шығарамыз, ақбөкеннiң қорғаушысы және достары ретiнде жергiлiктi тұрғындармен көмекшiлер ретiнде тығыз байланыста жұмыс iстеймiз. Ақбөкендi сақтауда жергiлiктi халықтардың түсiнуi және қызығушылық ролiн арттыра отырып, бiз жалпы Үстiрт регионның биологиялық әртүрлiлiгiн ұзақ мерзiмде сақтаудың негiзiн қалаймыз.

WCN проектiсiнiң екiншi басты бағыты-электронды бюллетень *Saiga News*-тi жариялай отырып, ақбөкендi сақтау Одағын дамыту болып табылады. Әрi Ақбөкендi сақтау Одағы (АСО-СКА) басқармасының осы жылы Ташкентте мәжiлiсiн өткiзу. Екi проектi бойынша мәлiмет алу үшін Е.Быкова мен А.Есиповқа хабарлау керек, esip@ikt.uz

Ақбөкенді сақтау Одағы (АСО-СКА) ақбөкенді сақтау жөнiндегi өзаратүсiнiсу меморандумының (ӨТМ-МоВ) орындалуы туралы

“*Saiga News*” бюллетенiнiң 4-шi номерiнде ақбөкендi сақтау жөнiндегi өзаратүсiнiсу меморандумының (ӨТМ) күшiне енгендiгi туралы және бес жылға арналған ақбөкен жөнiнде Ортамерзiмдi жұмыс программасы (ОМЖП-СРП) қабылданғаны туралы айтылған едi ӨТМ-ге қатысшы елдердiң келесi мәжiлiсi екi жылдан кейiн болады.

Қоныс аударатын түрлер конвенциясы (ҚАТК-CMS) *Saiga News*-ке көмектесуге уәде бердi және ақбөкен жөнiндегi ОМЖП-ның орындалу барысын әртүрлi мәлiметтердi жариялау арқылы оны қолдап отыратындығын бiлдiрген едi. Сондай-ақ бұл аңды зерттеу мен сақтау бағытында жұмыс iстейтiн проектiлер мен эксперттердiң барлық мәлiметтерiн зерттеу базасын құру үшін жинақтайды. Ол үшін “*Saiga News*” бюллетенiнiң осы номерiнен бастап, редакция алқасының қолдауымен ОМЖП-ның орындалу барысындағы жетiстiктердi жариялап отыру үшін жаңа рубрика аштық. Сондықтан да барлық жұртшылықтан және ұйымдардан сұрайтынымыз: ақбөкендi зерттеу мен сақтау бағытындағы барлық материалдарды бiзге жiберiп, өздерiнiң мекенжайы туралы хабарлауды ұмытпаса болғаны. Және авторлар өздерiнiң мәлiметтерiнде Ортамерзiмдi жұмыс программасын орындауда қандай үлес қосатындығын түсiндiре кеткенi жөн. ҚАТК үшін бiздiң қортынды есептерiмiз (отчеты) ӨТМ-ге қатысушы елдердiң ақбөкен жөнiндегi Ортамерзiмдi жұмыс программасының орындау барысының қалай атқарылып жатқандығы туралы есебiнiң маңызды бөлiгi болып табылады. Сондықтан да, айтылған программаға қатысушы елдер оның табысты аяқталуына атсалысады ғой деп сенемiз.

Қоныс аударатын түрлер конвенциясына (ҚАТК-CMS) ақбөкендi сақтау жөнiндегi ӨТМ-ның орындалуы туралы есеп, 2006 ж. қыркүйегi – 2007 ж. маусымы

1-шi секция. Орындалу

Халықаралық дәрежеде: INTAS, Darwin Initiative и Wildlife Conservation Network-тердiң қолдауымен ақбөкендi сақтау Одағы *Saiga News* бюллетенiн шығарды. Қоныс аударатын түрлер конвенциясы Лондон Империял Колледжiсiне грант беру (2007 ж. шiлде айынан бастап) арқылы ақбөкен жөнiндегi Орта мерзiмдi жұмыс программасының орындалуы туралы мәлiметтер жинауды қолдайды (пункт 1.5.).

Өзбекстанда: Өзаратүсiнiсу меморандумы құрамында Ортамерзiмдi жұмыс программасын (СРП) орындау мақсатымен үйлестiру (координационный) Советi құрылған. 2006-2010 жылдарға арналған ақбөкендi сақтаудың жедел жұмыс программасы жасалған (пункты 1.2, 1.3).

Қазақстанда: Қазақстан Республикасы Премьер Министрi Канцеляриясы басшысының тапсыруымен (№ 17-64/002-565, 20.02.2007 ж.) ҚРБҒМ-ның Зоология институты мен ҚР АШМ-нiң орман және аңшылық шаруашылығы комитетi бiрлесiп азайған және жойылып бара жатқан жабайы тұрақты жануарлар мен ақбөкендi сақтау мен қалпына келтiрудiң екiншi кезеңдегi (2008-2010 жылдарға арналған) программасын дайындауға кiрiстi (пункт 1.2).

2-шi секция. Браньерлермен күрес

Ақбөкен таралған бiрде-бiр мемлекеттен, бұрынғы кезеңдегiмен салыстырғанда, браньерлерге қарсы күресу үшін қаржы жағын көбейту жөнiнде ешбiр мәлiметтер түскен жоқ.

Ресейде. «Степной» қорықшасы ақбөкен мониторинг жүргiзу мен оны қорғауды күшейту мақсатында инспекторлардың техникалық жағын жақсарту үшін IFAW-тiң кiшi грантын алды (қаржылай көмек және тренинг) (пункттер 2.2., 2.4). 2007 ж. наурыз айында Қалмақияда екi браконьер ұсталып, заң органына берiлдi Ресейде, Тайванда және Қазақстанда ақбөкен мүйiзiн алып кетуге тырысқан контрабандылар ұсталған (пункт 2.3; жоғарыда қара).

Моңғолияда 2006 жылдың қыркүйек айында инспекторлардың семинары – тренингi өткен (WWF-Моңғолия, *Saiga News*, 4-шi шығарылуы; пункт 2.4).

3-шi секция. Тұрақты пайдалану және сауда

2007 ж. маусым айында ақбөкен проблемасы СИТЕС-тiң жануарлар жөнiндегi комитетiнде талқыланды. Конвенция секретариаты TRAFFIC және Wildlife Conservation Society арқылы алынған өнiмдi пайдаланатын елдер мен өнiмдi өндiретiн елдердегi сауда мәселесiн зерттеудегi жаңа мәлiметтердi жария еттi. Қара: <http://www.cites.org/eng/cop/14/doc/E14-56.pdf> (пункт 3.6).

4-ші секция. Адам факторы

Өзбекстанда ақбөкенді сақтау Одағы және ӨзБФА-сы зоология институтының қатысуымен ақбөкен мониторингі жөніндегі проектін бастады. Оған жергілікті тұрғындарда қатысады және «Ақбөкен достары» атты жүйелерде жұмыс істейтін болады. Проекттің FFI/BAT және WCN фондылары қаржыландырады. (пункттер 4.2 и 4.3).

Қалмақияда «Дарвин Инициативасы»-ның қаржылай көмегі арқасында 2006 жылдың қазан-қараша айларында экологиялық проекттер Орталығы мен Лондон Империял колледжі жергілікті тұрғындардың ақбөкенді сақтауға қатысын зерттеді. Табиғат қорғау проекттерінің тиімділігін бағалады (пункт 4.2). Діни қауымның Ассоциациясы қаржыландыратын проектті діни адамдарды ақбөкенді сақтау процесіне тартады (пункт 4.3).

Қазақстанда Бозой қыстағында (Үстірт) 2006 ж. қазан айында FFI-дің кіші гранттар программаларының екінші кезеңі басталды (пункт 4.1; қара: Saiga News, 4-ші шығарылуы).

5-ші секция. Үгіт-насихат және түсіндіру

Моңғолияда 2006 ж. қазан айында WWF-Моңғолия балалардың творчестволық конкурсын ұйымдастырды (қара: Saiga News, 4-ші шығарылуы; пункт 5.2).

Өзбекстанда творчестволық конкурстар өткізу халықтық қолөнер клубтарын қолдау, информациялық материалдарды жариялау арқылы түсінік жұмыстары жүргізіледі (пункт 5.2, жоғарғыны қара).

Қазақстанда 2007 ж. қазан айында ақбөкен жайлы 15-минуттық мультфильм көрсетілген. Ол NABU-дің қолдауымен түсірілген (қара: Saiga News, 4-ші шығарылуы; пункт 5.2). Белгілі табыстар «Saiga News»

бюллетенінде жарық көрген (қара: Saiga News, 4-ші шығарылуы, пункт 5.1).

Қалмақияда ақбөкенді сақтау мәселесі жергілікті басылымдарда бірнеше рет жарияланған (пункт 5.1), балалардың творчестволық конкурсы өткізілген (мамыр 2007 ж.). «Дарвин Инициативасы» грантының және кіші экологиялық программалардың көмегімен көптеген мақалалар жарияланған. Олар ақбөкенді сақтау Одағы арқылы таратылған (пункт 5.2).

Ақбөкенді сақтау Одағы 2007 ж. маусымында жаңа веб-сайтты ашқан: www.saiga-conservation.com, және «Saiga News» бюллетенін алушылар тізімін жалғастыруда (пункты 5.3, 5.4).

6-ші секция. Ақбөкеннің таралу картасы

Қазақстанда Қазақстанның биоәртүрлілікті сақтау Ассоциациясы ақбөкеннің таралуы мен экологиясы туралы материалдар жинау үшін ГИС жөніндегі жаңа маман Штефан Цукерді шақырды. Оның қызметін Германия үкіметі қаржыландырады (пункттер: 6.1, 6.3).

Қалмақияда «Черные земли» биосфералық қорығында және «Степной» қорықшасында, 2003 жылдан бастап, ақбөкеннің таралуы, үйірлерінің мөлшері мен құрамы туралы электрондық база жинақталуда, алғашында ИНТАС қаржыландырған, пункт 6.1.

Моңғолияда 2006 жылы тамыз айында табиғатты қорғау Одағы мен Моңғолия ғылым Академиясы радио-ошейниктермен бірнеше ақбөкенді сақиналаған (білезіктенген) (қара: Saiga News, 4-ші шығарылуы; пункт 6.2).

7-ші секция. Қорғалатын табиғи территориялар

Есеп үшін жаңа мәліметтер жоқ. Қазақстанда «Алтын-Дала» проекткі келешектегі атқаратын жұмыстары туралы белсенді жұмыс атқаруда (пункт 7.1).

8-ші секция. Мониторинг (бақылау)

Қазақстанда 2007 ж. сәуір – мамыр айларында ақбөкеннің барлық үш популяциясында самолетпен санақ жұмысы жүргізілді (пункт 8.1). 2007 ж. сәуір айында ҚР АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылықтары комитетінің сұрауымен және Франкфунт Зоологиялық қоғамының қаржыландырумен тәуелсіз консультанттар самолетпен санақ жүргізу әдісіне баға береді және оны келешекте дамытуға ұсыныс (рекомандация) берді (пункт 8.3).

Қалмақияда өткен жылдары ақбөкеннің жастық структурасы, төлдеуі, үйірлерінің мөлшері мен құрамы, таралуы жөнінде мониторинг – бақылау жүргізілген (пункттер: 8.1, 8.2, 8.7, жоғарғыны қара).

Өзбекстанда мониторинг жүргізу процесіне жергілікті тұрғындарды қатыстыру проекткі басталды (жоғарғыны қара пункт 8.6).

Моңғолияда 2007 ж. қаңтар айында ақбөкенге санақ жұмысы жүргізілген. Қоры 2 мыңдай болған (пункт 8.1).

9-ші секция. Қолда өсіру

Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар Орталығы белсенді түрде өздерінің тәжірибесын Ресейдің басқа жас питомниктеріне (Ростов обл., Астрахань обл. және Мәскеу зоопаркі) береді. Бірнеше ақбөкен лағы «Степной» қорықшасына жануарларды тұқымдық жағынан мақсатымен апарылған (пункттер 9.3, 9.7).

10-14 секциялар. Жеке популяция төңірегіндегі шаралар

Солтүстік-батыс прикаспий: 10.2-10.4 пункттер бойынша жұмыстар жалғасуда (мониторинг және қорғау) (жоғ. қара және Saiga News, 4-шы шығарылуы).

Орал популяциясы: аталған пункттер бойынша мәліметтер жоқ.

Үстірт популяциясы: жеке проекттер жергілікті тұрғындардың қатысуымен Қазақстан мен Өзбекстанда өз жұмыстарын жалғастырды (12.4). Өзбекстанда жеке арнаулы адамдармен жұмыс істеу жалғасты (12.8) және табиғат ресурстарын пайдаланушыларды ақбөкенді қорғауға шақыру әрекеті жасалды (12.9).

Бетпақдала популяциясы: АСВР ГИС мамандығы бойынша істейтін маманды қабылдады. Ол ақбөкен материалдарын жинайтын болады. Ақбөкенді сақтау идеясы «Алтын-Дала» проекткісін жоспарлағанда қабылданған (13.1). Браконьерлермен күресетін группаларды қаржыландыру жалғасты (13.2).

Моңғол популяциясы: Бұл популяция туралы мәлімет өте аз. Кейбір мекемелер 14.1-14.5 пункттері бойынша кейбір мәліметтер жинаған тәрізді.

Есеп беру

Ортамерзімді жұмыс программасы бойынша мәліметтерді мына сайттан табуға болады:

http://www.cms.int/species/saiga/1st_saiga_range_states_meeting.htm. Осы программа бойынша 2006 ж. қыркүйегінен 2007 жылдың маусымына дейін істелген жұмыстар осы сипатталған есепке кірмей қалса, ондай мәліметтерді бізге жіберуге болады. Оны келесі есеп беруге кіргіземіз. Егерде осы бюллетенде келтірілген кезкелген шаралар туралы білгіңіз келсе, «Saiga News»-те жарияланған мақаланың авторымен немесе сол елдің редколлегия мүшесімен хабарласуыңызға болады.

Жарияланған ғылыми жұмыстар

(бұл жұмыстарды мамандар мен жұртшылықтың іздеуіне қолайлы болу үшін қай тілде жарияланса, сол күйде беруді жөн көрдік)

Орыс тілінде:

Вознесенская В.В., Арылова Н.Ю., Арылов Ю.Н., Хлуднев А.В., Луцкеина А.А. Методика сбора образцов экскрементов сайгака в полевых условиях для анализа на содержание стероидных гормонов или их метаболитов. М., 2007.

По результатам выполнения международного проекта ИНТАС (INTAS 03-51-3579) опубликованы на русском языке методические указания по сбору образцов экскрементов сайгака в полевых условиях для дальнейшего гормонального анализа. Эти методические указания будут крайне полезны для всех специалистов, работающих в полевых условиях и стремящихся не только к изучению особенностей репродуктивного статуса сайгака, но и к его сохранению. Методические указания можно получить по электронной почте, обратившись по адресу rusmabcom@gmail.com, или в печатном виде по почте.

Холодова М. В. Использование современной и древней ДНК для изучения динамики экосистем // Динамика современных экосистем в Голоцене. Материалы Российской научной конференции, М., 2006. С. 261-266.

Автором показано, что ископаемые образцы, учитывая потенциальную возможность выделения из них ДНК, представляют большую ценность для изучения эволюционных процессов в популяциях (включая сайгака) и экосистемах. Кроме того, работа весьма интересна и в методическом плане. С материалами совещания можно ознакомиться на сайте Института проблем экологии и эволюции РАН: <http://www.sevin.ru/news/holocene-ecosystems-2006.pdf>

Клевезаль Г.А. Принципы и методы определения возраста млекопитающих. М.: Т-во научных изданий КМК. 2007. 283 с.

Книга знакомит читателей с основными методами определения возраста млекопитающих. Особое внимание уделено методам прижизненного определения возраста животных. В книге приведены конкретные данные, позволяющие определять разными методами возраст более 100 видов млекопитающих. Специальный раздел посвящен определению возраста сайгака.

Бекенов А.Б., Мелдебекоев А.М., Грачев Ю.А. Стратегия сохранения сайгака в Казахстане // Материалы международной научной конференции "Биологическое разнообразие азиатских степей", 3-4 апреля 2007 г., Казахстан, г. Костанай, 2007, С. 16-17. Проведено современное состояние сайгака в Казахстане. Указаны причины сокращения численности этих антилоп и приведены необходимые меры их сохранения и воспроизводства. Контакт: Ю.А. Грачев, А.Б. Бекенов: terio@nursat.kz

Грачев Ю.А. Сайгак в пустынно-степных экосистемах Казахстана // Материалы международной научной конференции "Биологическое разнообразие азиатских степей", 3-4 апреля 2007 г., Казахстан, г. Костанай, 2007, С. 40-42. Автор отмечает, что сайгак и в прошлые века и в настоящее время был и остается обитателем аридных открытых пространств. Оптимальными условиями для вида будет сочетание сохранившихся пустынных, полупустынных и степных экосистем в пределах его ареала. Контакт: Ю.А. Грачев, А.Б. Бекенов: terio@nursat.kz

В «Степном Бюллетене» (осень-зима 2006, № 21-22) опубликована подборка материалов по изучению и сохранению сайгака в разнотравах его ареала. Также в Бюллетене представлена информация об осуществляемых международных проектах, роли международного сообщества в сохранении вида. Дан обзор о прошедшем в сентябре 2006 г. в г. Алматы, Казахстан Первом международном совещании стран, подписавших МОВ о сохранении сайгака. В серию вошли следующие публикации:

Милнер-Гулланд Э. Дж., Луцкекина А. А., Бекенов А. Б., Арылов Ю. Н. Обеспечить сохранения сайгака – улучшить благосостояние сельчан (С. 10-11).

Арылов Ю. Н., Вознесенская В. В., Луцкекина А. А., Меджидов Р. А., Милнер-Гулланд Э. Дж., Убушаев Б. С. Международные проекты по изучению и сохранению сайгака в Калмыкии (С. 11-14)

Грачев Ю. А., Бекенов А. Б. Состояние популяций и перспективы сохранения сайгака в Казахстане (С. 15-17)

Быкова Е. А., Есипов А. В., Ефимов А. Ю., Головцов Д.Е. Сайгак в Узбекистане – современный статус и причины сокращения популяции (С. 17-20)

Маллон Д. Антилопа сайга в международном контексте – события последних трех лет и перспективы (С. 20-22)

Маллон Д. Алматинская встреча – важный шаг в направлении сохранения сайгака (С. 22-23)

Электронная версия журнала доступна на <http://ecoclub.nsu.ru/books/Step-21-22/index.htm> и на сайте Центра охраны дикой природы, посвященном проблемам сохранения сайгака: <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html>;

Опубликованы материалы пятой международной научно-практической конференции «Проблемы сохранения и рационального использования биоразнообразия Прикаспия и сопредельных регионов», 7-8 декабря 2006 г., г. Элиста, Элиста: КалмГУ, 2006, 204 с. Представляют интерес работы по репродуктивной биологии и поведению европейского сайгака:

Кокшунова Л. Е. О гоне европейского сайгака на фоне низкой численности половозрелых самцов в природной среде (С. 40-43).

Кокшунова Л. Е. Поведение самцов сайгака первого года жизни в смешанной по половозрастному составу группе (С. 43-45).

Опубликованы материалы Международного совещания «Териофауна России и сопредельных территорий» (VIII съезд Териологического общества), 31 января - 2 февраля 2007 г., г. Москва. М., 2007. 581 с. Целый ряд работ посвящен сайгаку:

1. Арылова Н. Ю., Луцкекина А. А., Вознесенская В. В. Неинвазивный мониторинг репродуктивного статуса сайгака, как альтернативная природоохранная технология (С. 22)

2. Букреева О. М. О состоянии популяции сайгака Северо-Западного Прикаспия (С. 61)

3. Есипов А. В., Быкова Е. А., Ефимов А. Ю., Головцов Д. Е. Состояние устьуртской популяции сайгака в Узбекистане по результатам зимних экспедиций 2004-2006 гг. (С. 148)

4. Ларионов К. О., Никонова О. А. Сравнительная пастбищная активность сайгаков и овец (С. 250)

5. Переладова О. Б., Лукаревский В. В., Мармазинская Н. В., Байдаветов Р. Ж., Сидоренко Е. В., Украинский В. В., Грачев Ю. А. Роль специальных мер охраны в сохранении и восстановлении популяций копытных (результаты 7 лет реализации проектов WWF) (С. 380)

6. Переладова О. Б. Опыт анализа состояния популяций и распределения копытных в Средней Азии для перспективного планирования системы ООПТ и развития землепользования (по материалам проекта «Эконет – Центральная Азия») (С. 381)

7. Сидоров С. В., Букреева О. М. Состояние популяции сайгака Северо-Западного Прикаспия, ее развитие и использование (С. 452)

В ближайшем будущем тезисы Международного совещания будут доступны на сайте Териологического общества: http://www.sevin.ru/menus1/index_rus.html

Ағылшын тілінде:

Морган Э.Р., Медли Г.Ф., Торресон П.Р., Шайкенов Б., Милнер-Гулланд Э.Дж. Роль трансмиссии паразитов в сокращении мигрирующей популяции сайгака в Казахстане. Экологическое моделирование, 200, 2007. С. 511-520.

Была создана модель трансмиссии нематод трихостронгирид между сайгаком и домашними овцами в Казахстане. Она расширена по сравнению с предыдущими моделями за счет включения параметров сезонной миграции сайгаков, контактирующих с отдельными популяциями овец, и влияния схоластических климатических факторов на растительную биомассу, развитие, выживание и перемещение на растения свободноживущих личинок. Построение модели базировалось на различных параметрах образа жизни трех основных паразитов сайгака и овец *Marshallagia*, *Haemonchus* и *Nematodirus*, и была успешно использована для предсказания основных показателей динамики заражения животных. Прогнозирование передачи паразитов между сайгаками и овцами было особенно важным для *Marshallagia* (передача от овец к сайгакам в южном направлении зимой и обратная трансмиссия в северном направлении летом) и *Haemonchus* (передача от овец в северном направлении летом и в дальнейшем через сайгаков овцам в южном направлении осенью). Модель прогноза передачи сайгакам *Marshallagia* в зимний период была совместима с полевыми данными, показавшими, что у сайгаков, отловленных до начала выпаса на зимних пастбищах паразитарная нагрузка ниже, чем у более старых животных. Модель обеспечивает механистическое объяснение прогнозирования, что помогает формировать гипотезы, а в дальнейшем эпидемиологическое обоснование для контроля передачи паразитов между дикими животными и домашним скотом в обоих направлениях. Такое моделирование может оказаться полезным и в других ситуациях, когда детальные механистические модели передачи паразитов, имеющие дело с неопределенными данными, пространственно-временными изменениями климата и плотности хозяина являются неточными. Что вероятно справедливо для большинства систем дикие животные - паразиты. Контакт: Эрик Морган, eric.morgan@bristol.ac.uk

Кюль А., Мистеруд А., Эрденов Г.И., Луцкекина А.А., Грачев Ю.А., Бекенов А.Б., Милнер-Гулланд Э.Дж. «Большие транжиры» степи: связанный с полом материнский вклад и двойни у сайгака. Материалы Королевского общества В 274, 2007. С. 1293-1299.

У полигамных млекопитающих самцы извлекают больше пользы от наличия дополнительных материнских ресурсов, чем самки. Однако, обычно ограничения ресурсов связанные с полом игнорируются. Мы предлагаем гипотезу «ограниченного вклада», в соответствии с которой материнские ресурсы, следуя стратегии образа жизни, более вероятно будут вложены в потомков одного пола, чем в разнополых из-за ограничения внутриутробных ресурсов. Следовательно, у полигамных видов самцы в смешанных пометах, вероятно получают недостаточно ресурсов, что может иметь отрицательное влияние на пожизненный репродуктивный успех. Мы тестировали эту гипотезу на сайгаке, высоко полигамном виде с наивысшим уровнем материнских затрат среди всех копытных. При таком высоком уровне репродуктивного потенциала, ограничения дополнительных вложений в самцов, вероятно, будут особенно сильными. Однако, мы демонстрируем высокий уровень полового диморфизма у плодов на поздних стадиях развития и у новорожденных сайгачат, в том числе взятых из одного помета. Имеется тенденция, когда у самцов из однополых двоен больший вес, чем у самцов из смешанных двоен. Это может происходить из-за ограничения ресурсов или различий качества материнства. Мы сделали вывод, что у полигамных видов явный акцент на потенциальных ограничениях может усилить прогресс в области связанного с полом материнского вклада. Контакт: Алина Кюль, aline.kuhl@imperial.ac.uk

Алғыстар

Ақбөкенді сақтау Одағы біздің жұмысымызды қолдаған донорларға шын жүректен ризашылдығымызды білдіреміз: Патриция Нельсонға және Sidney Byers Trust, Кеннонға және Боба Хадсонға, Джудиға және Чака Ветлиға, Линду Табор-Бекке, Джон Гиббсқа, сондай-ақ ақбөкенді сақтауға кімдер үлкен көмек көрсетсе солардың барлығына зор рақмет. Жұмысымыз жемісті болсын.